МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ТҮПҚАРАҒАН АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«З.О. БАЙМЫРЗАЕВ АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА
ИМЕНИ З.О. БАЙМЫРЗАЕВА»
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ПО
ТУПКАРАГАНСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130500, Түпқараған ауданы, Қызылөзен ауылы, Сисенбаев көшесі №1,
телефон/факс: 8/72938/ 23-8-30, 23-8-31

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130500, Тупкараганский район, село Кызылозен, улица Сисенбаева №1,
телефон/факс: 8/72938/ 23-8-30, 23-8-31

12.02.2026 № 35

«Шәкен Күзет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Құрметті, Шәмші Талғатұлы!

Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің "З.О.Баймырзаев атындағы жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Сіздің № 16089102-1 конкурсы бойынша 2026 жылғы 09 ақпандағы № 277016 шағымыңызды қарап, келесіні хабарлайды:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 212-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылмайды) конкурсқа жіберілмейді егер:

мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде олар туралы мәліметтер расталатын рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (бағытталған) рұқсаттардың (хабарламалардың) болмауы. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті өнім беруші рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (бағытталған) тиісті рұқсаттардың (хабарламалардың) нотариалдық куәландырылған көшірмесін ұсынады

Конкурс құжаттамасының талабы бойынша Тапсырыс берушімен келесі рұқсат түрлері талап етілді:

Күзет қызметімен айналысу;

Күзет қызметтерінің барлық түрі, оның ішінде террористік тұрғыдан осал объектілерді күзету;

Заңды тұлғалар жұмыскерлеріне қызметтік қару және оған патрондарды сақтауға және тасымалдауға рұқсат беру;

Заңды тұлғаларға қызметтік қаруды және оған патрондарды сақтауға рұқсат беру.

Сізбен конкурстық өтінімде сұратылған екінші санаттағы рұқсаттар: Заңды тұлғалар жұмыскерлеріне қызметтік қару және оған патрондарды сақтауға және тасымалдауға рұқсат беру, Заңды тұлғаларға қызметтік қаруды

000142

және оған патрондарды сақтауға рұқсат ұсынылмағандықтан, конкурстық өтініміңіз конкурсқа жіберілмеді.

Баяндалғанның негізінде, Сіздің арызыңыз қанағаттандырылусыз қалдырылады.

Осы жауаппен келіспеген жағдайда, сіз оған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабында көзделген тәртіппен шағымдануға құқылысыз.

Директордың м.у.а: **Кушекова А**